...К ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...І ТУЫ

...ІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
...ТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

...ктябрь Сәрсенбі

Жеке саны 20 тиын.
Шығуына 33 жыл

...Дұрыс саяси жолды жүзеге асыру үшін партияның саяси жолын түсінетін, оны өз жолым деп білетін, оны жүзеге асыруға әзір отырған, ол жолды іс жүзінде жүзеге асыра білетін және ол жол үшін жауапты бола алатын, оны қорғай алатын, оның жолында күресе алатын кадрлар, адамдар керек.

*И. СТАЛИН.*

## ...ЛУ ...ЦИПІ

...ын облыстық
...ді. Бірақ не пай
...асөз дабылынан
...рмады, қайта
...іланыс мекемесі-
...ынды.
...ртия комитеті
...ілмейтін, орман
...ғы қызметкері
...ақстанның 30
...председательдігі-
...ді. Оның ақыры
...на көп нұқсан
...ктерге тіпті де
...

...теп алмайынша
...да тұрған саяси-
... ойдағыдай жүзе
...ондықтан жұмыс-
...ше жақсарту қа-
...н кадрлар арасын
...ктер мен кателік
... Сөйтіп, партия,
...аруашылық орын
...кет мүдделеріне
...летін, жұмысты
...емшіліктерге тез
...тырып отыру қа
...

...нистік партиясы-
...

# ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1952 жылға арналған мемлекеттік жоспарының III тоқсанда орындалу қорытындылары туралы

## ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Санақ Басқармасының хабары

1952 жылдың III тоқсанында өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының өркендетілуі және товар айналымының өрістетілуі жөніндегі мәліметтер мынадай:

### I.
### ӨНЕРКӘСІПТЕ ӨНДІРІС ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Өнеркәсіпті тұтас алғанда **жалпы өнім** шығарудың тоқсандық жоспары 100,7 процент орындалды. Жеке министрліктер өнеркәсіптің жалпы өнім шығару жоспарын төмендегідей орындады:

| | 1952 жылдың III тоқсанында тоқсандық жоспардың орындалу проценті |
|---|---|
| Қара металлургия министрлігі | 103 |
| Түсті металлургия министрлігі | 99,9 |
| Көмір өнеркәсіп министрлігі | 100,1 |
| Мұнай өнеркәсіп министрлігі | 100,8 |
| Электр станциялар министрлігі | 100,1 |
| Химия өнеркәсіп министрлігі | 101 |
| Электр өнеркәсіп министрлігі | 102 |
| Байланыс құралдары өнеркәсіп министрлігі | 101 |
| Ауыр машиналар жасау министрлігі | 99,2 |
| Автомобиль және трактор өнеркәсіп министрлігі | 100,8 |
| Станоктар жасау министрлігі | 100 |
| Машина жасау және аспап жасау министрлігі | 100,1 |
| Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігі | 104 |
| Транспорт машиналарын жасау министрлігі | 93 |
| Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау министрлігі | 94 |

...еңбек өнімі 1951 жылғы III тоқсандағыдан 6 процент артты.

1952 жылдың III тоқсанына белгіленген өнеркәсіп өнімінің өзіндік бағасын кеміту тапсырмасы орындалды.

### II.
### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Колхоздар, машина-трактор станциялары мен совхоздар егін жыйнауды ойдағыдай аяқтап келеді. 1952 жылы астықтың жалпы өнімі 8 миллиард пұт болды, яғный бұл өткен жылғыдан 600 миллион пұт артық. ССРО Министрлер Советі жанындағы егін шығымдылығын анықтау жөніндегі Мемлекеттік бас инспекцияның мәліметтеріне қарағанда, быйылғы жылы Украинада, Солтүстік Кавказда және Қырымда егіннен мейлінше жоғары өнім алынған. Сол сияқты, еліміздің басқа да көптеген аудандарында дәнді дақылдардан өнім өткен жылғыдан әлде қайда көп алынды.

1951 жылғымен салыстырғанда шашақты зығырдың, күнбағыстың және картоптың жалпы өнімі де артты. Үстіміздегі жылы шитті мақтадан және қант қызылшасынан алынған өнім 1951 жылғыдан артық.

Үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарын механизациялаудың дәрежесі арттырылуда және ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы онан әрі нығайтылуда болды. 1952 жылдың өткен уақыты ішінде машина-трактор станциялары 1951 жылғы осы мерзімдегіден колхоздардағы ауылшаруашылық жұмыстарын 8 процент артық атқарды. Комбайндармен колхоздарда дәнді да-

*Халықтық демократия елдерінде*

## Ұлы Октябрьдің 35 жылдығы құрметіне жарысқа түсуде

БУДАПЕШТ. 22 октябрь. (СОТА). Венгрияның кәсіпорындарында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы құрметіндегі жарыс кеңінен өрістеді. Еңбекшілер тоқсандық өндірістік жоспарларын асыра орындау үшін, қаржыларды, материалдарды үнемдеу үшін, өнімнің сапасын жақсарту үшін күресуде.

Венгриядағы социализмнің ірі құрылысы — Сталин атындағы металлургия комбинатының және Сталинварош қаласының құрылысшылары үшінші тоқсанның жоспарын асыра орындады. Кәзір олар төртінші тоқсанның жоспарын ойдағыдай орындау үшін күресуде.

Еңбектегі табыстар туралы хабарлар елдің басқа жерлерінен де түсуде. 4 апрель атындағы машина жасау заводындағы Диановичтің котель аспаптарын құрастырушылар бригадасы Ұлы Октябрьдің 35 жылдығы құрметіне алған міндеттемесін белгіленген мерзімінен 18 күн бұрын орындады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығы құрметіндегі жарысқа металлургтер, тоқымашылар, шахтерлер мен өнеркәсіптің басқа салаларының жұ-

мен ақша қаражатының талан-таражға са лынуына жол берді. Ол өзінің және достарларының жат қылықтарын сынаған адал қызметкерлерді қудалауды әдетке айналдырды. Қалалық партия комитеті мен қалалық Совет аткомі Петровтың және оның сыбайластарының теріс істері жөнінде болған дабылдарға ұзақ уақыт құлақ аспай келді.

Мұндай фактілер некен саяқ емес. Конюхов ауданы, «Жаңа тұрмыс» колхозының бұрынғы председателі Баянбаев деген өзінің қызмет бабын пайдаланып, артель Уставын өрескел бұрмалады, ауылда байшылдық-феодалдық әдет ғұрыпты қоздырсынау қажет.

Істің орындалуын тексеру—табыс кілті. Партия, совет ұйымдары кадрлардың өздеріне тапсырылған жұмысты орындауын үнемі тексеріп отыруға тиіс. Тексерістің барысында жұмыста өздерін көрсете білген кадрларды үнемі жоғарлатып отыру, ал сенімді ақтамаған адамдардан арылып отыру керек.

Кадрларды іріктеп алу және оларды тәрбиелеу ісін өскелең талаптарға сай ұйымдастырып, шаруашылық және мәдени құрылыс саласында жаңа табыстарға ие бола берейік!

## Куйбышев СЭС-нің құрылысшыларында

КОМСОМОЛЬСКИЙ, (Куйбышев облысы), (СОТА). Куйбышев СЭС-інің құрылысшылары партияның XIX съезінің қарарларын және И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзін зор жігермен қарсы алды. Олар бұрынғыдан да жақсы еңбек етіп, өндірістік жаңа табыстарға жетуге міндеттенуде.

Кәзір гидромеханизаторлардың жұмысы нағыз қызған кез. Су ағызатын болашақ темір-бетонды плотинаның котлованын қорғау үшін ұзындығы 11 километр тоспаға топырақ үюіне тура келеді. Мұнда кәзірдің өзінде 2,5 миллион текшеметрден аса топырақ үйді. Сол жақ жағалаудағы ауданның кейбір механизаторлары тоспаны Ұлы Октябрьдің 35 жылдығына дейін салып бітіруге уәде берді. Бұл үшін жер снарядтардың тағы да 500 мың текшеметрге дейін топырақ үюіне тура келеді. Бүгін кешке жоғарғы тоспа участогінде жобадағы белгіге дейін топырақ үюде.

Жоғарғы тоспаның маңызды участоктерінің біріне № 503 жер снарядтың стахановтық экипажы топырақ үюде. Оның бастығы Иван Волчков Цимлянский плотинасының құрылысына қатысқан. Куйбышев СЭС-інің құрылысында Волчков жолдас Еділ-Донның таңдаулы гидромеханизаторларының стахановтық озат әдісін кеңінен таратуда. № 503 жер снарядтың экипажы жұмыс жағдайының қыйындығына қарамастан, тәуліктік тапсырманы 150 процент орындауда.

## Үнемделген былғарыдан 300 мың пар аяқкиім

ЛЕНИНГРАД, 27 октябрь. (СОТА). Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен жігерленген «Скороход» фабрикасының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері жоспардан тыс сапалы аяқкиім шығару және материалдарды үнемдеу жөніндегі социалистік жарысты бұрынғыдан да өрістете түсті.

Бригадир Штрихова жолдастың ұсынысы бойынша пішу цехында үш түрлі аяқкиімді бір мезгілде пішу әдісі енгізілді. Бұл пішу цехына октябрь. айында 300 мың дециметр былғарыны үнемдеуге және еңбек өнімділігін едәуір арттыра түсуге мүмкіншілік берді.

Үстіміздегі жылы скороходшылар үнемделген былғарыдан жоспардан тыс 300 мың парға жуық аяқкиім даярлап берді.

Советтік Қаза

## Коммунизм салтанаты үшін

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе облысының еңбекшілері И. В. Сталиннің сөзін және партияның XIX съезінің қарарларын зор ынтамен қарсы алды. Кәсіпорындарда, колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда тарихи съездің документтерін талқылауға арналған үгітшілердің әңгімелері, жыйналыстар өткізілуде.

Ақтөбе торабының теміржолшылары И. В. Сталин жолдастың сөзі мен XIX съездің қарарларына жаңа еңбек табыстарымен жауап беруде. Паровозшылар көтерме жөндеудің он айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады, жоспардан тыс мыңдаған тонна жүк тасыды, екі мың тонна отын, 2 миллион сом мемлекет қаржысын үнемдеді. Депоның жүздеген стахановшылары жылдық жоспарларын мерзімінен бұрын орындады. Коммунист токарьлар Пономарев, Худяков, Прокофьев, слесарьлар Кушинов, Камаев, тағы басқалары екі-үш жылдық нормадан орындады. Вагон депосының коллективі жылдық тапсырма есебіне соңғы вагондарды ремонттап шығарды.

### ҒАЛЫМДАРМЕН ЫНТЫМАҚ

АРАЛ. (ҚазТАГ). Арал шыны заводының коллективі он айлық өндірістік программасын мерзімінен бұрын орындады. Жоспардан тыс жүз мың сом қаржы үнемделді. Ұлы Октябрьдің 35 жылдығы құрметіндегі жарыста стахановшылар Гончаренко, Наменов, Шоқаев жұмыс өнімділігінің жоғары көрсеткіштеріне ие болды. Олар әр сменада екі нормадан орындайды.

Коллективтің табысы —Қазақ ССР Ғылым академиясының отқа төзімді материалдар мен құрылыс материалдары институтының ғылми қызметкерлерімен қызу ынтымақтасудың нәтижесі.



Балхаш қаласында металлургтердің Мәдениет сарай
СУРЕТТЕ: Балхаш қаласындағы металлургтердің М
Суретті түсірген **П. Федоров.**

(СО

## Депоның барлық токарьлары шапшаң істейді

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Кеше түскі демалыс кезінде Қызылорда паровоз депосы ремонтшыларының социалистік жарысының көрсеткіш тақтасына токарь Алексей Семеновтың фамилиясының тұсына 150 және 200 деген екі цифр жазылды. Бұл стахановшы жарты күн ішінде бір жарым сменалық тапсырма орындады және жыл басынан бері 20 айлық норма орындады деген сөз еді.

Алексей Семенов —депоның ең таңдаулы стахановшысы. Съезд қарсаңындағы вахта күндерін
өңдеуге көпте.
луын арттырып
топтап өңдейтін

Кәзір Қызыл
токарьлардың
істейді. Металш
зовтың, Кален
және басқалары
кентай қызыл
стахановшылард
мадан орындама

## ...РМЫСЫ

## ...сты барған сайын ...е берейік

...жетекшісі
...н арнаулы
бөлінген.
...ективі ара-
...байланысты
...ітші Клюев,
...тардың жұ-
...қтай. Олар-
...еялық дәре-
...Бұл совхоз-
...нуге байла-
...р оқылып,
...хабарларын
...ып отыры-
...рдың барлы
...тығыз ұш-
...деттемелерді
...тталып жүр
...саяси-бұқа-
...айтарлық-
...51 жұмыс-
...дерінің көр-
...қ ауылша-
...бұған то-

...совхозының
...съезі құр-
...ың қорытын
...брь револю-
...сін өндіріс-
...алу жөнінде
...алды. Олар
...де орындау
..., үгітшілер
...а социалис-
...ету күресін

...саяси-бұқа-
...ежесінің жо
...күнбе-күн
...арасында

жете назар аудармаған. Сол себептен колхоздағы бұл ұрандарды соңғы уақытқа дейін байқамай келген.

Бірқатар аудандарда қабырға газеттерін шығаруда едәуір жұмыс істеліп келеді. Мәселен, Булаев ауданында октябрь айының басынан бері 50 қабырга газеті және 180 жауынгерлік листоктар шығарылды. Алайда, бұл газеттердің кейбіреулерінде жарияланған мақалаларда сын мен өзара сынның дәрежесі өте төмен. Мұның өзі қабырға газеттеріндегі елеулі кемшіліктің бірі болып саналады. Сондықтан қабырға газеттеріне партия басшылығын жақсарту қажет.

Мәдени-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуде мәдени- ағарту мекемелері шешуші роль атқарады. Облысымызда көптеген мәдени-ағарту мекемелері өздеріне жүктелген міндетті іс жүзінде орындап келеді. Возвышен астық совхозындағы клуб мәдени-ағарту жұмыстарының орталығы болып отыр. Клуб жанында кітапхана бар. Онда кітап, газет, журнал, шахмат, дойбы және басқа да мәдени аспаптар жеткілікті. Совхоздың жұмысшылары мен қызметкерлері бұл аспаптарды үздіксіз пайдаланып отырады. Клубта көркемөнер үйірмесі ұйымдастырылған. Олардың мүшелері совхоз коллективіне арнап, сауық кештерін өткізіп тұрады.

«Ленинский путь» колхозының (Конюхов ауданы) мүшелері колхоздағы оқу үйінің жұмысын жоғары бағалайды. Өйткені, олар бұл оқу үйінен қажетті кітаптар мен журналдарды және газеттерді кезінде тауып оқыйды. Оқу үйінің меңгерушісі Мороженикова жолдас колхозшылар арасында құрмет- қошеметке ие болған. Ол аудандағы таңдаулы үгітшілердің бірінен саналады. Колхозшылармен үздіксіз әңгіме өткізіп, қабырға газеті мен жауынгерлік ...

# Съезд қарарларымен және көсемнің тарихи сөзімен жігерленген облыс еңбекшілері Ұлы Октябрьге лайықты тартулар әзірлеуде

* * *



Петропавлдың № 20 колөнер училищесінің оқушылары Октябрь мерекесінің құрметіне стахановтық вахтаға тұрды.

СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) үздік оқушы —комсомолка Надя **Константинова** Лида **Воронаяға** өзі істеген сызық бойынша жасалған бөлшектерді көрсетіп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## *Мақтаныш сезіммен*

Киров атындағы заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері адамзат өмірінде орасан зор тарихи оқыйға болып есептелетін Ленин —Сталин партиясының XIX съезінің қарарларын және халықтар көсемі, біздің сүйікті ұстазымыз И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзін ...

XIX съездің тарихи документтері мен Сталин жолдастың сөзінің бізге әсер еткен қуанышын тілмен айтып жеткізу қыйын. Данышпан Ленин — Сталин партиясына шексіз берілгендігін әрқашан қажырлы еңбегімен көрсету —біздің советтік қоғамымыздың тамаша салтына айналды. Киров атындағы заводтың жұ- ...

* * *

## Техника қуатын пайдалана білу

Мен Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының мүшесімін. Мақсатым —механизатор болу еді. Бұл тілегім—орындалды. 1947 жылы Приешім ауданының Ленин атындағы механикаландыру мектебіне келіп оқуға түстім. Мектепте назар аударып оқығаным —«С—80» трактор болды. Сөйтіп, мектепті бітірісімен өз колхозымның егін даласында істей бастадым. 1947 жылдан бері тракторшы болып жұмыс істеп келемін.

«С—80» тракторы басқа тракторларға қарағанда, ең қуатты трактор болып саналады. Бұл трактордың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етсең, ол өнімді машина. Тек оны меңгеру әдісін жақсы түсіне білу керек, техниканы өнімді пайдалана білуге жетісу қажет. «С—80» тракторы күніне 14 гектар жер жыртады. Мен өз сменамда көрсетілген норманы үнемі асыра орындап отырдым.

«С—80» тракторымен 1952 жылы жұмсақ жерге айналдырғанда, 1200 гектар жер жұмыстап, көптеген килограмм жанар майын үнемдедім.

Мұндай табысқа мен алдымен тракторға техникалық байқауды дер кезінде жүргізіп отырудың, жұмыс уақытын дұрыс пайдалана білудің нәтижесінде жет... отырмын.

Тағы да бір айта кететін нәрсе, —бұған, әрине, ұсақ нәрсе деп қарауға болмайды, —трактордың өнімді жұмыс істеуіне қажетті су және жанар-жағар майды уақытында жеткізіп отыруға байланысты. Колхоз басқармасы бізге су, жанар, жағар майды уақытында жеткізіп беріп отыратын адамдарды белгілеп берді. Олар

жұмсап отыру қажет».

Облысымыздың көптеген үгітшілері партиямыздың XIX съезінің қарарлары мен Сталин жолдастың тарихи сөзін терең оқып үйрене отырып, еңбекшілер бұқарасын жаңа өндірістік жеңістерге жетуге жігерлендіруде жетекші күш болып келеді. Бұған көптеген мысалдар келтіруге болады.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының

көп реттерде бұл құралдардың өзін ол жерлерде табуға да болмайды.

Ленин ауданының «Еңбек» колхозы басқармасының кеңсесінде соңғы уақытқа дейін Отан соғысы кезіндегі жағдайға арналған ұрандар ілулі тұрды. Аудандық партия комитетінің секретарьлары Қарымсақов және Попкова жолдастар аталған колхозда талай рет болған. Дегенмен, олар саяси-бұқаралық жұмыстың бұл түріне

дің саясатын еңбекшілер бұқарасына жеткізуде алдыңғы қатарда болуға міндетті. Партия ұйымдарының күнбе-күнгі бақылауы және көмегі арқасында өздеріне жүктелген бұл міндетті үгітшілер абыроймен орындап шығады.

**М. РЫМЖАНОВ,**

**ҚКП облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.**

# Сын да, өзара сын да болған жоқ

Жақында Совет астық совхозы комсомол ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы болып өтті. Онда комсомол ұйымының бір жыл ішінде істеген жұмысы жөнінде комсомол комитетінің секретары В. Сивец жолдас баяндама жасады. Бірақ, баяндама тиісті дәрежеде болмады. Сивец жолдас ұйымда істелген жұмыстардан да, жұмыста кездескен кемшіліктерден де мардымды ештеңе айта алмады. Оның баяндамасында сын мен өзара сын атымен болмады. Ал, баяндама бойынша сөйлеген комсомолецтер Селімбаев, Швамм, Двоеглазов жолдастар да тек жалпылама сөйледі. Сөйтіп, жиналыс сын мен өзара сынсыз, идея жағынан төмен дәреже өтті.

Ал, бұл ұйымның есебінде 70 комсомолец тұрады. Олардың көпшілігі совхозда алдыңғы қатарлы жастар, оқу және еңбек озаттары. Алайда, озаттардың істеген жұмыстары жиналыста сөз болмады, ортаға салынбады. Сондай-ақ ұйымның жұмысында және жекелген комсомолецтердің ісінде кемшіліктер жоқ емес. Ол кемшіліктер ашып айтылмай, бүркемеленіп қала берді.

Есеп беріп отырған уақыт ішінде комитеттің мәжлісі бар болғаны бір рет, комсомолецтердің жалпы жиналысы 6-ақ рет өткізілген. Совхозда көптеген алдыңғы қатарлы жастар бола тұрса да жыл бойында комсомол қатарына небары 9 адам қабылданған. Комсомолецтер арасында қатаң тәртіп жоқ, 3-4 ай бойына мүшелік жарнасын төлемей жүрген комсомолецтер бар. Комсомол ұйымы совхоз жастары арасында тәрбие жұмысын жүргізумен әлі шындап шұғылданбай келеді. Бұған ұйымның тарапынан жастардың оқуына нақтылы басшылықтың жасалмауы, көркөмөнер, физкультура, шахмат сияқты жастарға тәрбие беретін үйірмелердің жұмысына көмектің нашар болуы толық дәлел бола алады. Осы кемшіліктердің барлығы жиналыста айтылмай, бүркемеленіп қала берді. Тіпті ұйымның есебіндегі 70 комсомолецтен 18 комсомолецтің жиналысқа қатыспай отырғандығы жөнінде де сөз болмады.

Комсомол ұйымының жұмысында орын алып отырған осы кемшіліктерді аудандық комсомол комитеті, оның секретары Ереминко жолдас біледі. Бірақ, не пайда, аудандық комсомол комитеті бастауыш комсомол ұйымдарының жұмыстарын жақсартуға нақтылы басшылық жасай алмай келеді.

Қазір жастардың өскелең тілегі комсомол ұйымынан жұмысты жақсартуды талап етеді. Сондықтан аудандық комсомол комитеті мен совхоз партия ұйымы бастауыш комсомол ұйымының жұмысына басшылықты жақсартулары керек.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**

**Булаев ауданы, Совет совхозы.**

# Ұйымның жұмысы қашан жақсарады

Преснов ауданы, Аманкелді атындағы колхоз комсомол ұйымының секретары Қалиев жолдас комсомолецтер мен жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмысына басшылық жасаудан мүлдем қол үзіп отыр. Мұнда комсомол жиналысы 4-5 айда бір-ақ шақырылады. Мұның өзінде ол жиналыстар үстірт өткізіледі.

Жуырда болып өткен комсомол ұйымының жиналысында аудандық комсомол конференциясына делегат сайлау жөнінде мәселе қойылды. Бірақ, бұл мәселе дұрыс шешілген жоқ. Комсомол ұйымының секретары Қалиев жолдас жиналысқа келген небары 2-3 комсомолецпен әңгімелесіп «кәне, жолдастар, делегат болып қайсың ауданға барасыңдар» деп көңіліне келген бір комсомолецтің атын қағазға жаза салды. Сөйтіп, делегат сайлаудың принципін бұрмалады, аудандық комсомол комитетіне жалған мәлімет берді.

Қалиев жолдастың іске салақтығы мен жауапсыздығының салдарынан комсомолецтердің мүшелік жарналары 5-6 ай бойына жиналмайды. Бізде комсомол ұйымының жұмысы қашан жақсарады? Жауапты аудандық комсомол комитетінен күтеміз.

**Қ. ЕРТАЕВ.**

...ның болашағымыздың жауынгерлік программасы болып табылады.

# ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕ

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі күндерінде совет адамдары Ленин —Сталин партиясына, сүйікті социалистік Отанымызға өздерінің шексіз берілгендігін адал, қажырлы еңбегімен көрсетуге күш-жігерін аямай жұмсады. Олар өздерінің барлық қабілеті мен білімін, жігер -қайратын жұмылдырып, партиямыздың тарихи съезін лайықты табыстармен қарсы алды.

Съездің қарарлары мен халықтар көсемі, досымыз Сталин жолдастың тарихи сөзі совет адамдарын жаңа батырлық істерге жігерлендіруде. Әрбір жұмысшы, әрбір инженер- техник қызметкер Отанымыздың экономикалық қуатын арттыру ісіне, сталиндік бесінші бесжылдықты орындау ісіне көрнекті үлес қосуды ойланып, әлі де болса пайдаланылмай жатқан күш- мүмкіншіліктердің жаңа көздерін табуда.

Бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге, Петропавл қаласы кәсіпорындарының жұмысшылары да партия съезінің құрметіне алған міндеттемелерін абыроймен орындап, өндірістік жоспардан тыс мемлекетке көптеген өнім берді, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарта түсті.

Петропавл сыра- сусын заводының коллективі еңбек өнімділігін арттыруда көп жұмыстар істеді. Жұмысшылар көтерінкі міндеттемелердің өзін асыра орындап, стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Завод сентябрь айының өндірістік программасын 122,8 процент орындап, еңбек өнімділігін 122,8 процентке жеткізді. Ал, өнім шығарудың жылдық жоспарын 9 октябрь күні завод асыра орындап, көрнекті өндірістік табысқа ие болды. Завод бойынша өнімнің өзіндік бағасы 15,2 процент кемітіліп, көптеген мемлекет қаржысы үнемделді.

Ұйымдасқан
листік жарыста
күн сайын орь
шылық жасау
завод коллектив
революциясыны
дегі жарысқа
есебіне еселеге
бере бастады.

Былғары зав
еңбек өнімділіг
жақсарту және
кеміту нәтижес
деген сомның е

Сондай-ақ,
дының коллект
та алған міндет
ге асырды. Кә
таразы заводы
жылдың есебін
де.

Съезд құрмет
осы кәсіпорны
быстарға ие бо
сменалық норма
Брюков жолдас
Ленин —Стал
лайықты тарту
ның Жузенов
саушылар бри
248 процент
сапасын бұры
та түсті.

Сол сияқты
коллективі сен
мерзімінен бұр
тыс ондаған м
жаңа өндірісті

**ҚКП қалалы**
**транспорт бө**

# ...тықтың салдары

## ...өндеу жұмысы әзірліксіз басталды

...қайсымыз бір- екі
...даймыз. Цехты тех-
...жабдықтауға да бас-
...ціл бөлмейді. Жұмыс
...пектерді табу мүлдем
...ізі еңбек өнімділігін
...едергі келтіруде.
...рлық станок бар.
...ндеу жұмыстарына
...ктардың тозып, қа-
...ектері жөнделіп, қал-
... Токарьлар жөндеу
...ен қамтамасыз етіл-
... токарьлардың көп-
...ы орындай алмай

...уды жолға қою —
... үлгілі ұйымдастыру-
... Өндірістік кеңестер
...на өткізіледі. Осының
...әтижелері уақытылы
...айды. Мастерской
...ттары аз емес. Бір-
... науқан басынан
... нормаларын үнемі
...жүр. Куприянцева жә
... токарьлар осындай
...ақ, мұндай алдыңғы
...жрибелері мен үлгілі
...ттеліп, көпшілік игі-
...йды.

...ында социалистік
...түрде ғана ұйым-
...ң ерен күші жөн-
...гілі ұйымдастыру-
...нылмайды. Жеке-
...ың өздерінің жұмыс
...мейтіндігі және оны
... жүргендігі, міне,

...ының нашар ұйым-
...гі бір себебі сол —
...абысты еңбек етуіне
...салмаған.
...лхоздан жөндеу жұ-
...

магазин орнына ларек ашылған. Ал, одан қажетті азық- түлік товарларын алу қыйын. Механизаторлар өзіне керегін алу үшін аудан орталығына баруға мәжбүр болады.

Әрбір істің табысты болуы көп реттерде үгіт- бұқаралық жұмыстарға байланысты екені мәлім. МТС-те жұмыстың мұндай аса маңызды участогі өз дәрежесінде емес.

Мастерской меңгерушісінің кабинетінде «За урожай» қабырға газеті ілулі тұр. Газеттің бұл номері мұнан екі ай бұрын шыққан. Ол -олма, МТС-те жауынгерлік листоктар уақытылы шығарылмайды да. Ал, ұран, плакат сыяқты көрнекі үгіт құралдарын көру мүлдем қыйын. Жөндеушілер арасында үгітшілерді де көре алмайсыз. Бірер үгітші механизаторлар арасында өте сирек болады. Олардың істейтін барлық жұмысы —механизаторларға газет оқып беру. Ал, мұндай жұмыспен Куприянцева сыяқты бірен- саран үгітшілер ғана шұғылданады. Механизаторлар арасында лекция оқу, баяндама жасау және әңгіме өткізу сыяқты аса маңызды үгіт- бұқаралық жұмыстар көптен бері жүргізілмей келеді. МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Сукачев жолдас механизаторлар арасындағы үгіт- бұқаралық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге нашар басшылық жасауда. Шынын айту керек, ол бұл жұмыстардан мүлдем қол үзген.

Быйыл трактор жөндеу негізінен торaптық әдіс бойынша жүргізілуге тиіс еді. Алайда, күні бүгінге дейін торaптық әдіс қолданылмай отыр. Механизаторлар жөндеу жұмысының мұндай тиімді әдісімен әлі күнге дейін таныспаған.

—Өткен жылы,— дейді мастерской меңгерушісі Кабачек жолдас, —тракторшыларға торaптық әдістің маңызы туралы бір-аз түсініктер бергеміз, быйыл осымен тынып отырмыз.

Совет МТС-і трактор паркін жөндеуге ...

## Октябрьдің 35 жылдығы құрметіндегі нысанға ату жарысы

Ұлы Октябрьдің 35 жылдығына арналған әйелдердің нысана ату жарысы аяқталды. Жарысқа соғыс министрлігі мен соғыс академияларының бас басқармаларының спортсменкалары қатысты.

23 октябрьде жарыстың қорытындылары шығарылды. Ұсақ калибрлі винтовкамен 50 метр жерден нысана атуда алынуы мүмкін 300 ұпайдан 273 ұпай алған И. Ковалькова, 263 ұпай алған В. Пылаева бірінші орындарға ие болды.

Осы мылтықтан атудың құрамында Пылаева, Агафонова, Филиппува, Ванеева және Ковалева жақсы нәтижелерге ие болды. Олар алынуы мүмкін 1500 ұпайдан 1234 ұпай алды.

## И. В. Сталиннің партияның XIX съезінде сөйлеген сөзінің кітапша болып басылып шығуы

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы И. В. Сталин жолдастың партияның XIX съезінде сөйлеген сөзін жеке кітапша етіп басып шығарды.

Кітапша 5 миллион дана болып басылып шығарылды.

(СОТА).

## «СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ УСТАВЫ» КІТАПША БОЛЫП БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы Совет Одағының Коммунистік партиясы Уставының партияның XIX съезі қабылдаған текстін кітапша етіп басып шығарды.

Кітапша 5 миллион дана болып шығарылды. (СОТА).

## ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДА

ССРО ғылым Академиясының президиумы 24 октябрьде ұлы орыс жазушысы Л. Н. Толстойдың туғанына 1953 жылғы 9 сентябрьде 125 жыл толуына байла-...

# Зябь—мол өнімнің негізі

* * *

## Алдағы жылғы мол өнім қамын ойламай отырғандар

Преснов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудегі негізгі міндет — дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыруды ойдағыдай жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгілеп, бұл жолда қажырлы күрес жүргізуде. Мұндай шаруашылықтар келесі жылы егін өнімін арттырудың басты шарттарының бірі —зябь жыртуды ойдағыдай ұйымдастыруда.

Мәселен, ауданның Сталин атындағы колхозында (председателі Михайлов жолдас) зябь жырту алғашқы күннен бастап үлгілі жүргізілді. Барлық тракторлар зябь жыртуға қосылып, өнімді жұмыс істеді. Мұның нәтижесінде колхозда зябь жыртудың күндік және бескүндік графигі үнемі орындалып отырды. Қәзір бұл колхоз зябь жырту жоспарын толық орындауға жуық.

Бірақ, ауданның көптеген колхоздарында зябь жырту қарқыны мүлдем баяу болып отыр. Мұның басты себебі —МТС және колхоз басшылары келесі жылдың егісінің қамын ойламай зябь жыртуға жеткіліксіз басшылық жасауда. Осының салдарынан колхоздарда трактор паркі зябь жыртуға түгел қосылмай отыр. Ол-олма, зябь жыртуға қосылған бірен-саран тракторлардың өзі жұмысты өнімсіз істейді. Тракторшылар арасында еңбек өнімділігі төмен. Олардың басым көпшілігі зябь жыртуда тағайындалған сменалық тапсырманы үнемі орындамайды.

Ал, мұның өзі аудан бойынша зябь жыртудың ойдағыдай жүргізілмеуіне, зябь жырту жоспарының толық орындалмауына әкеліп соғуда.

Мысалға Майбалық МТС-нің қамтуындағы Аманкелді атындағы колхозды (председателі Дүйсенбин жолдас) алайық. Бұл іріленген колхоз. Мұның егін және мал ...

...лі. МТС өзінің қамтуындағы колхоздарға зябь жырту жөнінде жеткілікті көмек көрсетпейді. Жұмыс істеп жүріп бұзылған тракторлар бірнеше күн бойына жөндеу күтіп тұрады. Ал, бұл кезде тракторларды тездікпен жөндеп, жұмысқа қосуға МТС-тің жылжымалы мастерскойлары келе қоймайды. Демек, МТС-тің жылжымалы мастерскойлары трактор бригадаларын сирек аралап, жеткілікті көмек көрсетпейді. Жоғарыда аталған Аманкелді атындағы колхозда зябь жыртудың баяу жүргізілуіне Майбалық МТС-нің басшылары тікелей кінәлі. Бұл МТС зябь жырту жөнінде колхозға мүлдем көмектеспейді.

Зябь жырту Николаевка МТС -нің қамтуындағы колхоздарда да нашар ұйымдастырылған. Тракторлардың көпшілігі жұмысты өнімсіз істейді. Осы себеппен МТС қамтуындағы колхоздарда зябь жыртудың қарқыны мүлдем баяу болып отыр.

Бұған мысалдар келтірейік. МТС қамтыйтын Жданов атындағы және «Красное знамя» колхоздары зябьті өте баяу жыртып, алдағы жылдың егісіне даяр жерді жеткіліксіз әзірлеуде. Бұларда күні бүгінге дейін зябь жырту жөніндегі жоспар 13—15 проценттен қана орындалды. Жоғарыда айтылғандай, мұның да себебі біреу-ақ. Ол—МТС және колхоз басшыларының зябь жыртуға жете назар аудармауы, мұндай аса маңызды науқанға қолда бар күш-мүмкіншілікті түгел жұмылдыра алмауы болып табылады.

Аталған колхоздарда тракторлар зябь жыртуға жеткілікті бөлінбеген. Жұмысқа қосылған тракторлардың тең жартысы бірде зябь жыртса, бірде бұзылып босқа тұрады. МТС басшылары бұзылған тракторларды қолма -қол жөндеп, жұмысқа қосуды қамтамасыз етпейді.

Ауданның басқа бірнеше МТС-тері мен

...аудандарының колхоздары мемлекетке жүн тапсырудың жылдық жоспарын облыста бірінші болып мерзімінен бұрын орындады. Олар дайындау пункттеріне негізінен таза жүн тапсырды.

...гектар орман алқабына егуге жетеді. Берел орман шаруашылығы жаңа орман алқаптарына арнап 4.800 килограмнан астам қарағай және сибирь алмасы мен самырсын тұқымын дайындады.

...ғыланды.

Қызылқоға, Гурьев аудандарының ауыл шаруашылық артельдері малдарды күзгі жайылымнан қысқы жайылымға ұйымдасқан түрде шығаруда. Быйыл қыста олар малды қолда бағады.

...воды мақта тазалайтын заводтарға арналған жаңа машинаның шумек тазалағышы өндірісін игерді. Машинаның алғашқы тобы Тәжікстанның, Қырғызстанның, Азербайжанның заводтарына жөнелтілді.

*Облыстық ауылшаруашылық көрмесінде*

# 3. МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Коммунистік партия мен совет үкіметінің және кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың тікелей өзінің күнбе-күнгі қамқорлығының арқасында, бүкіл еліміздегі сияқты, біздің облысымыздың ауыл шаруашылығы да жылма-жыл отандық маңдай алды техникамен мол жабдықталуда.

Облысымызда тракторлар мен комбайндардың және басқа ауылшаруашылық машиналарының саны барған сайын көбейіп, олардың үлес салмағы арта түсуде. Мәселен, облысымызда комбайн паркінің өсуі 1946 жылы 100,8 процент болса, 1952 жылы ол 135,2 процентке; трактор паркінің өсуі 1946 жылы 132,5 процент болса, 1952 жылы 180,4 процентке жетіп отыр. Осыған байланысты ауылшаруашылық жұмыстары негізінен механика күшімен атқарылатын болды. Тек 1952 жылдың өзінде ғана жер жырту жұмыстарының 98,8 проценті, егін жыйнау жұмыстарының 99,2 проценті, шөп шабудың 78,6 проценті механикаландырылды.

Ауыл шаруашылығының батыл механикаландырылуының нәтижесінде колхоз, совхоз өндірісінде еңбек барған сайын өзінің бейнесін өзгертіп, табысты бола түсті. Механикаландыру нәтижесінде колхозшылардың еңбегі жеңілдеп, колхоздар көп салалы шаруашылыққа айналуда.

Облыстық ауылшаруашылық көрмесіне көптеген ауылшаруашылық машиналары қойылған. Ауыл шаруашылығын механикаландыру павильонында комбайндар мен тракторлардың, астық тазартатын, кептіретін машиналардың, шөп машиналарының, мал азығын турайтын, буландыратын, огород-бақша дақылдарын жыйнайтын машиналардың және басқа да бірнеше ауылшаруашылық машиналарының бірнеше түрі бар.

Егін жыйнайтын машиналардың ішінде ерекше көзге түсетіні—«Сталинец —6» комбайны. Бұл комбайн сағатына 2,2 гектар алаңның егінін жыйнайды. Комбайнға 40 аттық күші бар «У—5» моторы орнатылған. Ол егінді өзі орып, өзі жыйнайды, өзі бастырады, сабан мен топанды да өзі жыйнап отырады.

Өздігінен жүретін «С—4» комбайнына да жұртшылық қызыға қарауда. Ол—колхозшы шаруалардың еңбегін жеңілдеткен дала кемелерінің бірі.

Советтік озат техниканы жете меңгеріп, оның алып күшін өндірісте толық пайдалана білген маңдай алды механизаторлар да аз емес. Сталиндік ұлы қамқорлыққа бөленіп, комбайнмен егін жыйнауда қажырлы еңбектерімен көзге түсіп, Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ алған, орденермен, медальдармен наградталған комбайншылардың қатары жыл санап өсуде.

Мұндай озат механизаторлардың қатарында Интернационал МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Петр Пономарев жолдас бар. Ол 1951 жылы «Сталинец—6» қос комбайнымен 35 жұмыс күні ішінде 12803 центнер астық бастырып, егін жыйнауда үздік табысқа жетті. Сол сияқты, Баян МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Иван Колмыков жолдас өткен жылы 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» комбайнымен 8185 центнер дәнді дақылдар жыйнап, бастырды.

Павильонның шөп машиналары қойылған бөлімінде өздігінен жүретін «КС—10» шөп машинасына назар аударасыз. Ауыл шаруашылығы жұмыстарының еңбекті көп керек ететін маңызды бір саласы—жемшөп дайындауда колхозшылардың еңбегін бұл машина қаншама жеңілдетті және қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуде оларға қаншама пайда келтірді десеңізші! Машинаға 30 аттың күші бар «МК» моторы орнатылған. Оның шалғысының кеңдігі—10 метр. Машина сағатына 6 гектар жердің пішенін шауып үлгереді. Бұл машинамен шөп шауып, жоғары көрсеткіштерге ие болған машинистер облысымызда әлде нешеу.

Шөп машиналары да әр алуан, олардың атқаратын жұмысы да түрлі-түрлі. Міне, «ПСМ—5,0» машинасы. Бұл машина сағатына бес тонна шөпті баулап, буып, шығарады. Ендігі өнімді машинаның бірі —тракторға тіркелетін шөп жыйнайтын тырнауыш. Шөп пен егін орнындағы сабанды жыйнап, шөмелеге салуда және маялауда «ПВТ—1,0» тырнауышы өте-мөте тиімді. Бұл машина сағатына 0,8 гектар жердің шөбін жыйнайды.

Тракторлар паркінен жұртшылық үлкен әсер алуда. Тракторлардан жұртшылықтың сүйсіне көретіні —огород-бақша тракторы. Бұл трактор огород-бақша шаруашылығындағы дақылдар мен жемістерді баптап күтуге, ондай жұмыстарды механикаландыруға арналған.

Ауыл шаруашылығы павильонында плугтар мен сеялкалардың бірнеше түрлері тұр. Бұлардың ішінде жүгері, күнбағыс, қарбыз және басқа техникалық дақылдарды отырғызуға арналған «СШ—6» сеялкасы мен «П—5» трактор плугі бар. Аталған сеялкамен сағатына 1,6 гектар жерге тұқым себілсе, «П—5» трактор плугімен 27 сантиметр тереңдікте жер жыртып өңдеуге болады. Бұларға тәуе жерде картоп отырғызатын «КВУ—2» машинасы тұр. Бұл құрылысы жағынан өте кішкене машина. Бірақ, жұмысты мейлінше өнімді істейді. Онымен аз уақыт ішінде екіжарым гектарға жуық картоп отырғызуға болады.

Павильонда бұлардан басқа да ауылшаруашылық машиналары бар. Солардың бірі—астық тазалайтын және кептіретін машиналар. «ОС—3,0» машинасы сағатына үш тоннаға жуық дәнді дақылдар тазалап үлгереді. Машина 5 аттың күші бар двигатель арқылы жүргізіледі. Сол сияқты, «ЗСП—20» маркалы астық кептіргіш сағатына 1,2 тонна астықты кептіріп шығарады.

Павильонда мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі қол жеткен табыстар да көрсетілген. Облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздарында электр агрегаттарының күшімен сыйыр сауылады, қой қырқылады. Электр қайшысымен смена сайын 760—800 қой қырқылады. Бір қойды қырқу үшін небары 3—8 минуттай ғана уақыт кетеді.

Қойды электр күшімен қырқып, озат колхоздар мен совхоздар еңбек өнімділігін едәуір арттырды, мемлекетке теккана жоғары сапалы жүн тапсыруға жетісті.

Ауыл шаруашылығын барған сайын механикаландыру ісіне үнемі көңіл бөліп, зор көмек көрсетіп отырған партия мен үкіметіміздің қамқорлығына жауап ретінде облысымыздың колхозшы шаруалары, совхоз және МТС жұмысшылары мен қызметкерлері партияның XIX съезінің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде көрсетілген ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолында жанаямай еңбек етеді.

**Р. УӘЛИЕВ.**

директивала... аброймен ж... лы күрес ж... ғындағы ба... дақылдардың... совхоздар е... шілікті жұм...

Дәнді дақ... тыруда ерте... тің зор маң... жете ескер... зябь жырту... келесі жылд... леуде. Жеке... туда көрнек... лен, Торанғ... Н. Досақыш... волюциясын... йықты өнді... жолындағы... отырып, «Д... да 11—12...

Чистов с... Шестак жол... на сайын 1... ондаған кил... үнемдеп жұ... ген трактор... нің қарарла... туда күндік... орындауда.

Механизат... арқасында ... жоспарын а... Қәзір совхо...

Мерзімінд... —мол өнім... даныңдағы... басшылары... жыртуды на...

Мұнда зя... торлар күнд... алмай келед... тұнан бос... лары тракто... ді еңбек ету... ды. Кей рет... дің, су және...



трой» мекемесін ің коллективі қысқы жағдайда үйге коя
гі уақытта 25 түрлі гүл дайындалды. Бұлардың ішінде
өсірілген туи, кинарис және басқа гүлдер бар.
ел **З. Конкина** жолдастың қала еңбекшілеріне сатуға ар-
жүрген кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## ...ет — жақсы оқу

міміз Иосиф
рылыс ісін
ғылымды мең-
ну керек. Қа-
пен үйрену
семіміздің бұл
әрқашан да

лім алу үшін
жағдай туғы-
ен партиямыз
қорлық жасап
Х съезінің ССР
—1955 жыл-
жылдық жос-
ы совет жас-
ықтың айқын

кок бірде- біз
ан карамастан
калалық және

қарсы алысты. Бұлар жаппай комсомолец-тер класы.

— Партияның XIX съезінің қарсаңында Ленин комсомолы қатарына өткім келеді, —деп жазды өзінің мектеп жанындағы комсомол ұйымына жазған өтінішінде 7 класс оқушысы, оқу отличнигі Сара Жахина. Бұл күні комитетке БЛКЖО қатарына өткісі келген 22 пионерден өтініш түсті.

Мектеп комсомол ұйымында қазір 159 мүше бар. Олардың саны күн санап өсуде. БЛКЖО Орталық Комитетінің VII пленумының қарарларын басшылыққа алып отырып, келешекте де комсомолецтер қатарын үлгілі пионерлер мен жастар есебінен өсіре береміз.

Біздің бастауыш комсомол ұйымының ұйымдастыру жұмысы ең алдымен мектепте оқу- тәрбие жұмысын үнемі жақсартып, мектептің педагогикалық коллек-

# Американ агрессорларына қарсы соғысқа қытай халық еріктілерінің қатысқанына екі жыл толу құрметіне болған Пхеньяндағы салтанатты мәжліс

ПХЕНЬЯН, 25 октябрь. (СОТА). Кеше Пхеньянда американ агрессорларына қарсы соғысқа қытай халық еріктілерінің қатысқанына екі жыл толу құрметіне арналған салтанатты мәжліс болды. Мәжліске қаланың мыңжарымнан астам еңбекшілері, қытай халық еріктілері және корей Халық армиясының жауынгерлері мен офицерлері, Корей Халық армиясының генералдары, Корей Халық-Демократиялық Республикасының Батырлары . қатысты. Корей Халық армиясының бас саясаттық басқармасының бастығы генерал Ким Дя ук баяндама жасап, Корея мен Қытайдың ортақ жаулары— американ агрессорларына қарсы күресте корей халқына көрсетіп отырған қытай халқының туысқандық көмегіне зор баға берді.

Мұнан кейін Кореяның Біртұтас демократияшыл отан майданының батыр қытай халық еріктілеріне жолдаған құттықтау хаты оқылды. Кореяның Біртұтас демократияшыл отан майданының өкілі жыйналғандардың ду қолшапалақтауы үстінде қытай халық еріктілерінің өкілдеріне Біртұтас демократияшыл отан майданының туын тапсырды.

Жыйналғандар Корей Халық армиясының ержүрек солдаттары мен офицерлеріне, сол сыяқты бүкіл Корей халқына шын жүректен сәлем тапсырған қытай халық еріктілері делегациясының басшысы генерал Ян Дэ-цзиді жылы шыраймен қарсы алды.

Қытай халық еріктілерінің өкілдері туысқан корей халқына ту тапсырды.

# Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 27 октябрь. (СОТА) Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 27 октябрь күні былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілері өткен күні американ-ағылшын интервенттерінің әскерлеріне және лисынманшыл қуыршақ армияға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Кеше «В—29» бомбардировщиктер түнде Пхеньянның төңірегіндегі ауданның халқын аюандықпен бомбалады. Шабуылдың салдарынан 200-ден аса балалар мен қарттар, әйелдер қаза тапты. Көптеген тұрғын үйлер мен жер үйлер қыйратылды.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зыяндады

# Американдықтар Кореяның қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауда

ПХЕНЬЯН, 27 октябрь. (СОТА). Бүгін түнде американдықтардың ауыр бомбардировщиктері Пхеньянның төңірегін, әсресе, Тэдон уезінің Намхенчжесан болысын күшті шабуылға ұшыратты. Әуе жендеттері көптеген егісті жойып жіберіп, онда ған тұрғын үйлерді өртеп, қыйратты. Қаланың көптеген тұрғын адамдары мен шаруалар қазаға ұшырады және жаралан

Кеше күндіз американдық штурмовик-бомбардировщиктер Пхеньян төңірегін бір сағаттан артық бомбалап, атқылауда болды. Кандон уезінде бомбалаудың салдарынан көптеген шаруалардың үйлері өртенді. Қазаға ұшырағандар және жараланғандар бар. Американ самолеттері шабуыл кезінде қазіргі уақытта орылып, астық бастырып жатқан селолық аудандарға көпте

## БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚТАР КОНГРЕСІ АЛДЫНДА

ПАРИЖ, 27 октябрь. (СОТА). 25-26 октябрьде Париждың жанындағы Сен-дени қаласында бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне даярлануға арналған шаруа әйелдерінің бүкіл- францияльқ конференциясы болды. Конференцияның жұмысына 300 делегат әйел қатысты.

Конференцияға қатысушылар өздерінің сөздерінде соғысты дайындауға бағытталған француз реакциясының саясатын, ол саясаттың барлық ауыртпалығы халыққа, соның ішінде еңбекші шаруаларға түсіп отырғанын талқылады.

Конференцияның жұмысына француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің саясаттық бюросының мүшесі Вальдек Роше, француз әйелдері Одағының председателі Эжени Каттон және француз өкмет орындары тұтқындаған Ален Ле Леаптың әйелі қатысты.

Конференцияда қабылданған қарарда, Францияның шаруа әйелдері коммунист-депутаттарды қудалауға қарсы, Ален Ле Леапты, Францияның республикашыл жастар одағының төрт басшысын және бейбітшілік үшін мойымас күрескер Анри Мартенді тұтқындауға қарсы наразылық білдірді. Конференцияға қатысушы әйелдер премьер-министр Пинэйге және ауыл-шаруашылық министрі Лорансқа хат жазып, онда соғысқа әзірленудің салдары француз деревнялары үшін апат екендігін әшкереледі.

## ИТАЛИЯДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚТАР КОНГРЕСІНЕ ДАЯРЛЫҚ

РИМ, 26 октябрь. (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының итальяндық комитеті түсінік жариялап, онда бүгін Италияның барлық жерлерінде бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне даярлықпен байланысты жүздеген жыйналыстар мен халық митингілерінің болғандығы айтылған.

Тревизо, Удине, Форли провинцияларындағы еңбекшілер ол жерлерде болған митингілерде американ самолеттері үшін Италияда аэродромдар құрылысына қарсы

Әбжанова жолдастың өз міндетіне жауапсыз карауы салдарынан колхозшылар көпшілік қолды товарларды қажет болған уақытында ала алмай жүр.

**Ж. ҚАБДРАХМАНОВ.**

...дени бейнесі де жылдан-жылға көркейе түсуде. Колхоз орталығында және көптеген колхозшылардың үйлерінде радиоқабылдағыштар бар. Колхозшылар радио арқылы елімізде болып жатқан жағдайларды біліп, концерттер тыңдап отырады.

...кітапхананың кітап қорында қазір 1000 данадан астам саяси және көркем әдебиет кітаптары бар. Колхозшылардың көпшілігі кітапханадан үнемі кітап алып оқып тұрады.

**Т. ҚАЛИЕВ.**

# „Сталин жолы" журналын оқушылар конференциясы

Қазақстан Коммунистік Партиясының Петропавл қалалық комитеті жуырда республикалық «Сталин жолы» журналын оқушы қыздар мен әйелдердің конференциясын өткізді. Конференцияға жүзден аса әйелдер мен оқушы қыздар қатысты.

М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің оқытушысы К. Есполова жолдас «Сталин жолы» журналының соңғы жылдардағы номерлеріне қысқаша шолу жасады.

Бұдан кейін журналды оқушылардың бірнешеуі сөйлеп, журналдың Советтік Қазақстан әйелдерінің қоғамдық өмірін жазуы жөнінде өздерінің пікірлерін айтып, тілектерін білдірді.

«Сталин жолы» журналын үнемі алдыртып оқушы, үй шаруасындағы әйел, партия мүшесі М. Әбенова жолдас журналды Москвада шығатын «Работница» журналымен салыстыра сөйледі.

—«Работница» журналы бақытты өмірімізді толық қамтыйды. Мақалалары әсерлі, оқушыларға түсінікті тілмен жазылады. «Сталин жолы» журналы да республикамыздың әйелдерінің қоғамдық өмірімен көпшілікті таныстыру жөнінде бірнеше очерктер, мақалалар жариялады, ғылым мен техника жаңалықтарын хабарлады, дәрігерлік және бала тәрбиелеу, сол сыяқты, кулинария жөнінен бағалы кеңестер жазып тұрады. Бірақ журнал редакциясында істейтін жолдастардың республика облыстарының көпшілігімен байланысы нашар болғандықтан, журналға хабар, өлең, очерк, мақала жазатын авторлардың көпшілігі Алматыдағы газет, журнал, баспа орындарында қызмет істейтін жолдастар екендігін бірден- ақ байқауға болады.

В. И. Ленин атындағы қыз балалар орта мектебінің 9-класс оқушысы Қондыбаева кейбір сын пікірлер айтты.

—«Сталин жолы» журналында орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гоголь туралы терең пікірлі, әрі түсінікті тілмен жазылған ғылми очеркті оқыдым, —деді ол. — Келешекте де журнал арқылы орыс және еліміздегі басқа туысқан халықтардан шыққан ғылым мен мәдениет, әсресе, әдебиет, бейнелеу искусствосы, музыка саласындағы ұлы қайраткерлердің өмірімен және творчестволық қызметімен танысып, жете білгіміз келеді. Глинка, Чайковский, Римский -Корсаков сыяқты данышпан композиторлар мен Левицкий, Суриков, Репин сыяқты ұлы художниктермен жете танысуға қазақ жастары құштар. Бірақ, олар туралы жазылған әдеби мақалалар мен очерктерді, белгілі художниктер мен композиторлар туралы орыс тілінде жазылған кітаптардың қазақ тіліне аударылғанын көре алмай келеміз. Журнал бұл жөніндегі біздің тілегімізді қанағаттандыру жөнінде көп жұмыстар істей алады. Журналдың әдеби очерктер беруге толық мүмкіншілігі бар. Тек сол мүмкіншіліктердің деркезінде пайдаланылуына журналдың редакциясындағы жолдастар көбірек көңіл бөлуін тілек етеміз.

Оқытушы Р. Азаматова жолдас «Сталин жолы» республикамыздың өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен мәдениеті саласындағы табыстарын, еңбекшілердің бейбітшілік жолындағы күресін жазуда біртaлай жұмыстар істеді дей келіп, сөзінің қорытындысында:

—Журнал республика өмірін біржақты бейнелейді. Алматы және астанаға жақын облыстармен ғана байланыс жасап, басқа облыстарды, әсресе, Қазақстанның солтүстігіндегі облыстарды естен шығарған, олар туралы жазбайды, —деді. —Соның салдарынан Советтік Қазақстанда сталиндік бесінші бесжылдықты орындау жолында қызған творчестволық еңбекті кеңінен қамтый алмай келеді. Журналдағы очерктерде адамдарымыздың рухани байлығы жете ашылып көрсетілмей келеді.

Жастар —біздің болашағымыз. Партия мен үкметіміз жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу жөнінде совет мұғалімдеріне сеніп тапсырды. Оқу- ағарту майданында көнтеген таңдаулы оқытушы әйелдер бар. Олардың іс тәжрибелерін баспасөз бетінде насихаттау — журнал редакциясының абройлы борышы. Бірақ, бұл жөнінде журналдың әлі де көп жұмыстар істеуі керек.

Мұнан кейін облыстық байланыс бөлімінің қызметкері Р. Қасенова, Ушинский атындағы оқытушылар институтының студенткасы Тұрсынова, педагогикалық училищенің студенткасы Шахметова, үй шаруасындағы әйел М. Жайсақова тағы басқа жолдастар сөйлеп, журналдың жұмысын жақсарту туралы бірсыпыра ұсыныстар жасады, журналды оқушылар санын көбейту, еңбекшілер арасына тарату жөнінде өзара пікір алысты.

...лаған хабарында «Хорвес» газеті былай деп жазады: «Блюменталь» шахтасы еңбекшілерінің делегациясы осы шахтаның 4 мың жұмысшылары атынан өткен аптаның аяғында Бунтестагтың председателі Элерске және Бундестагтың барлық фракцияларына қарар тапсырып, соғыс договорын ратификацияламай, жалпыгермандық басшылығынан Б... сыяқты Батыс Гер... дыру мүдделеріне ... орындарындағы жұ... йы туралы» деген ... қарсы дереу күрес... болатын.

## Жапонияны қайта қаруланд... американдық жоспарлар...

ТОКИО, 27 октябрь. (СОТА). «Майници» газетінің АҚШ-тың беделді топтарынан алған мәліметіне сүйеніп берген хабарына қарағанда, АҚШ дүниежүзілік екінші соғыс кезінен қалған артық қару-жарақты, соның ішінде самолеттер мен танктерді, Жапонияны қоса есептеген де Жақын, Орта және Қыйыр Шығыс елдеріне қазіргі уақытта сатып беру мәселесін қарастырып отырған көрінеді. Осы беделді топтар қару-жарақты уақытша пайдалануға беру түрінде Жапонияға американ соғыс «көме... кіншілігін көрсету...

Американ елшіл... келесі жылдың ба... ғақтағы әскерлер... адамға дейін өсіре... түрде келіскен кө...

«Токио- Синбун... Жапонияға соғыс ... ніндегі мәселе бой... сы Токиоға келуге бар деп жазады.

### РЕАКЦИЯНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ЗҰЛЫМДЫҚТАРЫ ... ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

АФИН, 27 октябрь. (СОТА). «Авги» газеті соңғы күндері «грек тобыры» (Папагостың неофашистік партиясы) және «Орталық» партиясының агенттері Афин, Пирей және Салоник аудандарында сайлау кезінде сайлау сенім қағаздарын сатып алу жөнінде науқанды өрістете түскен. Олар әрбір сенім қ... бір-екі фунт стерл...

Мұнымен бірге ... өнеркәсіп кәсіпоры... дауыс берудің нәт... нында кәсіп иелер... са, жұмысшылардь... дығын айтып қор...

### АМЕРИКАН САМОЛЕТТЕРІНІҢ ҚЫТАЙДЫҢ ӘУЕ ШЕКА...

ПЕКИН, 23 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Мукденнен былай деп хабарлайды:

Американ агрессорлары Солтүстік-Шығыс Қытайдың әуе шекарасын барған сайын бұзуда. Октябрьдің 8-нен 17-не дейін 92 топқа бөлінген 570 американ самолеттері Солтүстік-Шығыс Қытайдың әуе шекарасын бұзып, ... Фынчэн, Цзиань, ... Ляодун және Гири... Холун қалаларыны...

Осы сыяқты ам... ның бірнеше рет ж... әрекеттері қытай ... ыза-өшпенділігін к...

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакторды... партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе —...

УШ 02604. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 ба...